



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР»

5-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№15 (3443) 22 ақпан 2022

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ МЫЗҒЫМАС НЕГІЗІ — ӘДІЛЕТТІЛІК



Біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы жүзжылдықта Римде өмір сүрген Марк Туллий Цицеронның «Сот – сөйлеуші заң, ал заң – мылқау сот» деген сөзін естімеген адам аз. Ол зайырлы қоғам құруды алдына мақсат етіп қойған елдер үшін темірқазық іспетті болып отыр. Әділдіктің басты тірегі саналатын сот, прокуратура және полиция қызметіндегі реформалар елдегі тұрақтылықтың негізін қалауда.

(Жалғасы 3-бетте)



ДЕПУТАТ
ҚАМАЛҒАНДАРМЕН
КЕЗДЕСТІ

3-бет



ШАТТЫҚТЫҢ ҮҢГІРІ

8-бет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

КӘСІБИ КОУЧТАР КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСКЕНДЕРДІ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

Қаңтар қақтығысынан кейін қоғамның заңгерлер мен психологтар көмегіне еңсемізді басты. Жакын жердегі барлық дүкен адвокаттар алқасы тегін көмек беруді қолға алып, халықпен бірге екенін әу бастан-ақ білдірді. Мұндай игілікті істен психолог, әлеуметтанушылар да шет қалмады. «Өзгерістер агенттері» коучтар қозғалысы – сондай жанашыр жандардан құралған топ. Осы топтың жұмысы жөнінде Анаргүл Баймұқановадан сұраған едік.

– Анаргүл ханым, «Агенты перемен», «Өзгерістер агенттері» қозғалысын құрудағы мақсаттарыңыз не?

– Сіздің бірінші сұрағыңызға жауап бере отырып, қаңтардың алғашқы күндері туралы айтып өтпеу мүмкін емес. Мен отбасыммен Алматыда тұрамын. Түні бойы біздің терезенің жанынан таяқтары, қалқандары, арматуралары бар адамдар өтті. Топтың айкай-шуы әлі құлағымызда тұр. Ал келесі күндері интернет болмады. Мынандай белгісіздіктен кейін бойымызды қорқыныш билегені рас. Сол сәтте, маған және менің отбасым алаңдап, көмектескісі келген түрлі елдердегі әріптестерім қоңырау шала бастады. Кейбіреулер өз еліне келуді ұсынды.

6 қаңтар күні қаладағы тұман мен тыныштық еңсемізді басты. Жакын жердегі барлық дүкен жұмыс істемеді. Жолдасым екеуіміз Әуезов көшесінен төмен түсіп бара жатқанда, бір дүкеннің иесі азық-түлікті жазба арқылы қарызға беріп жатты, өйткені адамдарда қолма-қол ақша болған жоқ. Шевченко көшесінде бір жігіт картоп толы қаптарды асфальтқа жайып, жиналған адамдарға қажетінше жинап алуды ұсынды. «Ақшаңыз болмаса, телефон нөміріңді жазып алыңыз, бәрі қалыпқа түскен кезде төлерсіз», – деді ол. Яғни, мен сол күндері кейбір адамның бойынан батыл шешімге дайын екенін, кейбірінен қорқыныш пен үрейді көрдім. Шындығында әрі қарай не болатыны бәрімізге белгісіз еді.

(Соңы 6-бетте)

МЕРЕЙ

ЮВЕНАЛДЫҚ СОТҚА – 10 ЖЫЛ

Биыл Ақмола облысының көмеделетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының құрылғанына 10 жыл толып отыр. Соттың негізгі мақсаты – сара жолдан тайған жасөспірімді жазалау немесе жауапкершілікке тарту емес, оны қайта тәрбиелеп, өмірден өз орнын табуына көмектесу.

Бүгінде заң үстемдігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыс оң нәтиже беруде. Ювеналдық сот балалардың мүддесін қорғауда мол тәжірибе жинақтап, әділдік жүйесінде тың бастамаларға ұйытқы болуда.

(Соңы 2-бетте)

МЕРЕЙ

МЕЖЕ

ЮВЕНАЛДЫҚ СОТҚА – 10 ЖЫЛ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған орай «Ювеналды әділеттегі кәметке толмағандар ісі жөніндегі соттың рөлі» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті. Оған Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Серікжан Ғабдулин, Ақмола облысы кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрайымы Айсұлу Жұматова, судьялар, ардагерлер кеңесі, мемлекеттік құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйым мен БАҚ өкілдері, адвокаттар мен медиаторлар қатысты.

Іс-шара барысында Серікжан Ғабдулин мемлекеттік органдар мен YEY өкілдерінің жоғары кәсіби қызметін, ювеналды әділетті қалыптастыру мен дамуына қосқан үлесін атап өтіп, соттың арнайы Алғыс хаттарын табыстады. Сонымен қатар қатысушыларға ювеналды соттың 10 жылдық жұмысы туралы бейнеролик көрсетілді.

Айсұлу Жұматова мамандандырылған сот жұмысының қорытындысы бойынша, полиция департаментінің аға инспекторы Айнагүл Куандықова кәметке толмағандардың арасында

құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сотпен өзара іс-қимыл бойынша жүргізілген жұмыс жайын қозғайды. Білім басқармасының қамқоршылық, қорғаншылық және тәрбие жұмыстары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Арай Әбенова Татуласу мектебі қызметінің жұмысы «Қоғамдық келісім» ҚММ-нің мониторинг және талдау бөлімінің бастығы Әділ Раев медиация институтын дамыту туралы айтып берді. «Шанс» кәметке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық, құқықтық қолдау орталығы мекемесінің басшысы Әсем Асаинова балалар мен отбасы құқықтарын қорғау бойынша өзара іс-қимыл қамтамасыз ету орталығы» РҚБ-ның өкілі Айман Байымбетова отбасылық даулар мен жанжалдарды шешудегі әрекеттерден хабарлар етті.

«Кәметке толмағандардың істері жөніндегі соттың құрылуы Қазақстанда ювеналды әділет жүйесі дамуындағы маңызды қадам. Бүгінде ювеналды сот өз тиімділігін дәлелдеп, жоғары деңгейге қол жеткізді. Ювеналды соттың қызметін халықаралық сарапшылар мен ШЫҰ елдері жоғары бағалады, ювеналды сот төрелігінің қа-

зақстандық тәжірибесіне оң баға берді. Ювеналды сот тура төрелікті іске асырудан басқа кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Медиация ювеналды сот үшін ерекше маңызды. 2012–2017 жылдары тараптардың татуласуымен істердің 8,2% қаралса, 2017–2021 жылдары бұл сан 17,9 пайызға өскен. Біздің өңірде республика бойынша алғашқылардың бірі болып мектеп ішінде балалар, ата-аналар мен ұстаздар арасындағы даулар бойынша мектептегі татуласу жөнінде 274 қызмет құрылып, 290 дау шешілді. Бұл балаларға мектеп жанынан дауды бейбіт жолмен шешуге, сөйлей білу мен сендіруге үйретеді» – деді Серікжан Ғабдулин.

Айсұлу Жұматова ювеналды соттағы психологтың рөлін атап өтті. Расында психологтар – бала құқығын қорғауда маңызды фактор. Осыған орай сот отырысы зылынан тыс кәметке толмағандармен әңгімелесу үшін бала бөлмесі, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесетін медиация залы құрылғанын атап өтті.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

«Соттың беделі – мемлекеттің беделі». Бұл осы жүйеде жүрген әрбір судьяның ұстанымы. Сот жүйесі уақыттың сын-қатерлеріне сәйкес үздіксіз жетілдіріліп келеді. Заңды сақтау әрбір судья үшін бұлжымас талап. Судьялардың міндеті – кәсіби заң маманы болу, ұйымшылдықтың, мәдениеттің және жауапкершіліктің үлгісін көрсете білу. Бұл мақсатқа қол жеткізуде ең алдымен судьялық кадрларды жақсартуға және соттардың тәуелсіздігін күшейтуге мән беріледі.

ӘР СУДЬЯ МІНСІЗ БОЛУ КЕРЕК

Осы тапсырмаларды орындау үшін Жоғарғы Сот 2018 жылдан бастап «Сот төрелігінің жеті түйіні» деп аталатын жаңа жобалық менеджментті іске қосты. Бағдарлама аясында қолға алынған «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «Сотқа дейін, сотта татуласу» сияқты ірі жобалар өз нәтижесін беруде. Әр жобаның бағыты мен мақсаты өзгеше болғанымен, негізгі идея ортақ, ол – халықтың сотқа деген сенімін арттыру.

Соның ішінде судьяларды іріктеу тәртібі түбегейлі өзгерді. Уақыт сұранысына сай судья кадрларын іріктеудің күшейтілгенін атап айтуға болады. Бұл шындықта халық сеніміне ие болудың бірден-бір кепілі. 2019 жылға дейін үміткерлердің 25 пайызы судьялыққа өтсе, 2019 жылдан бері үміткерлердің тек 6 пайызы ғана конкурстан өткен. Бұл тек мінсіз кандидаттар ғана судьялық лауазымға өте алады деген сөз. Сондай-ақ, жұмыс істеп жүрген судьяларды бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Олардың тәуелсіздігін арттыру үшін судьялардың өзін-өзі басқару органдары қайта құрылып, барлық судьяларға сот жүйесінің маңызды мәселелерін шешуге қатысуға мүмкіндік берілді. Облыстық соттардың сот алқаларының төрағаларын конкурстық іріктеу енгізілді. Сот төрағаларының өкілеттіктері екі мерзіммен шектелді. Азаматтық процесте соттың рөлі күшейе түсті. Егер бұрын процесте судья талап арыздар мазмұнымен шектелген болса, қазір оған істің барлық мән-жайын анықтау үшін бастама көтеру өкілеттігі берілген. Ол тараптар ұсынбаған дәлелдемелерді талап етуге, тараптармен істің мән-жайын талқылауға, процесс барысында тараптардың дәлелдері туралы өз пікірін айтуға құқылы. Сондай-ақ, тараптардың татуласуы үшін қосымша жағдайлар жасалды.

Осы ретте судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру сапасына да баса көңіл бөлінді. Судьяның мемлекет атынан

шығарған әр сот актісі көпшілікке түсінікті, заңды, негізді болуы үшін жаңа ереже қолданысқа енгізілді. Онда судьялар сот актісін шығаруға негіз болған жайларды тараптарға түсіндіруден бастап, сот актісін жасақтауға қойылатын нақты техникалық талаптарға дейін қамтылған.

«Мінсіз судья» жобасының мақсаты – адал, әділ, намысты, ардан аттамайтын, жоғары кәсіби қабілетті, мінсіз судьяны қалыптастыру еді. Сол үшін судьялар жұмысының сапасына, моральды-этикалық қабілетіне, тәуелсіздігіне ерекше мән берілді. Судья екі тарапты да бірге шақырып алып, оралды еш кедергісіз тендей тыңдап, әр талабы мен шағымына мұқият зер салып, сот шешімін шығаруға негіз болған жай-тарапты сауатты әрі қарапайым тілмен тараптарға түсіндіріп беруі тиіс.

Судья – сапалы сот актісімен, шағымға берген жауабымен, сөйлеу мәдениетімен мінсіз атана алады. Әр судьяның процесс барысындағы жүріс-тұрысы, қызметі, өзін ұстауы, білімі мен біліктілігі сот залындағы бейнежазба бақылауында. «Мінсіз судья» қалыптастырудың басты қағидасы Судьялық әдеп кодексінде толық қамтылған. Онда судьялардың қызметтегі және қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы мен жүріс-тұрысының нормасы бекітілген.

Әр судья жан-жақты білімді, мәдениетті, парасатты болса, оған қоса өмірлік те, кәсіби де мол тәжірибесі бар, жақсы мен жаманның ара жігін ажырата білетін, ары таза, адамгершілігі мол, әділетті шешім шығаратын, заңсыз қоқан-лоққыдан қорықпай, қашан да қайсарлық танытатын тұлға болғанда ғана нағыз «Мінсіз судья» атанады. Ол үшін ешбір бағдарлама да, жұба да қажет емес. Тек қатаң талапты ұстанып, заң мен ар алдында адал болса жеткілікті.

Айдарбек ТЛЕНОВ, Маңғыстау облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

ЕСТІТІН ҮКІМЕТ

МІНБЕР

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізіліп келеді. Сол саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, халықаралық стандарттарға сай бейімделіп, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды.

РЕФОРМАЛАР САЛАҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Соның нәтижесінде, әлемнің ең озық мемлекеттерінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сәйкес келетін, адам құқықтары барынша әділ қорғауға арналған сот жүйесі қалыптасқанын байқап отырмыз. Қазір жүзеге асып жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – түсінігі нағыз Әділетті мемлекет құру тұжырымдамасына сай екенін көріп отырмыз. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару.

Ол – мемлекеттік органдар тек азаматтардың күнделікті мәселесіне байланысты жауап қатуы тиіс деген сөз емес. «Бұл, ең алдымен, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог» деген сөздерін астын сыза айтқан Мемлекет басшысының мәлімдеуінше саяси саладағы реформаларымыздың бастамасы болып саналатын бұл жаңғыру ісі бұдан ары қарай да жалғаса бермек. Жергілікті билік өкілдерінің сайланбалы болуы, жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық мүмкіндіктерін арттыру, аймақтарды бюджетпен қамтамасыз ету моделін әзірлеу, жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрылымдарының ара жігін кезең-кезеңімен ажырату секілді бастамалардың қай қайсысы болмасын өзекті.

Сондай-ақ, сот ісін жүргізу саласын реформалау мен сот органдарын жаңғырту бағытында жүзеге асырылып жатқан шаралардың түпкі мақсаты – азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғаудың тиімділігін арттыру болып отыр. Осы орайда, азаматтарымыздың да белсенділігі маңызды. Өйткені,

мемлекет соған мүмкіндік туғызуда. Мәселен, былтырдан бастап сот ісін жүргізудің төртінші түрі – билік органы мен дауда ең әлсіз тарапты қорғауға бағытталған «әкімшілік әділеті» іске қосылды. Мемлекеттік мекемелер мен азаматтардың арасындағы дау-дамай сотқа жетіп жатады. Ал арыз-шағым фемида өкілдерінің қарауына түскен кезде мемлекеттік мекеме өкілдерінің мүмкіндіктері басым болатын кездер аз емес. Өйткені, олар кез келген ақпараттық базаға ие. Сәйкесінше дәлел мен дәйекке еркін қол жеткізе алады. Ал қарсы тараптың мүмкіндігі аз болып жатады. Жаңа жүйе енді азаматтарға қажетті ақпараттарды базадан алуға мүмкіндік береді. Бұл үлкен артықшылық. Сондай-ақ, азаматтардың мемлекеттік мекемеге жазған шағымы әкімшілік әділет құрылымында қаралады. Басты мақсат – қарапайым халыққа заңның үстемдігін сезінуге жол ашу.

Елімізде құқықтық мемлекет ретінде үнемі келеді жанындар мен Мемлекет басшысының жолдауларынан да сот мәселесі, құқықтық реформалар аталмай қалған емес. Сондықтан уақыт сұранысына сай, сот саласы да жаңарулар мен жаңғыруларды басынан өткізуде. Халықтың сотқа деген сенімін арттыруды көздейтін құқықтық реформалардың алдағы уақытта да сот саласы үшін пайдасы зор боларын сеземіз.

Бақытжан ТӘЖІХАНОВ, Алматы қалалық әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Алаштың аяулы ұлы Әлихан Бөкейхан кезінде «Заң адам пайдасына жазылды, адам заң үшін тумады ғой» деген екен. Жөн сөз. Бұл даналықтың маңызы ешқашан кеміген емес.

Соңғы жылдары тіпті, заңнаманы ізгілендіру, жазаны жеңілдету, татуластыру рәсімдерін кеңейту бағытында атқарылған шаралар ұшан-теңіз. Әсіресе, жаза басқандардың қателігін түсініп, қайта өмір бастауына барынша мүмкіндік берілуі. Оны «Медиация туралы» заңнан да, күні кеше қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының рақымшылық туралы» заңынан да байқауға болады. Осы ретте қылмыстық процесте кен қолданылып келе жатқан процессуалдық келісім институтының орны айрықша.

2010–2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық сот ісінің онтайлы моделін жасап, қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдірудің басым бағыттары айқындалған еді. Соның негізінде 2014 жылы Қылмыстық-процестік кодексті қабылданып, онда процестік келісім институты тәжірибеге енгізілген болатын. Жаңа құжатта тұтастай бір тарау процестік келісім жасау институтына, оны жасаудың ерекше тәртібіне арналған.

Бұл институт өзінің шалыс қадам басқанын түсініп, оған шын өкінген, қылмысын мойындап, сабақ алуға нық бекінген азаматтардың түзелуіне мүмкіндік беруді көздейді. Бірақ, солай екен деп қылмысына өкінген жандардың бәрімен процестік келісім жасауға болады екен деген түсінік туындамаса керек. Себебі, Қылмыстық-процестік кодекске сай процестік келісім жасаудың тәртібі реттелген. Оған сәйкес, келісім онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша күдіктен жасалады. Бірақ қылмысты есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағандан



кейін психикасы бұзылған адамдармен процестік келісім жасалмайды. Сонымен қатар, кодекстің 613-бабында айқындалғандай кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасау үшін күдікті, айыпталушы ең алдымен оған ерікті түрде ниет білдіруі керек. Бұған қоса, ол өзіне келтірілген күдікке, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның мөлшеріне дауласпауы тиіс. Мұндағы тағы бір ерекше талап – процестік келісім жасауға ең әуелі жәбірленушінің келісімі керек.

Процестік келісім сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында және сот талқылауы барысында қолданылады. Ал енді келісу іс жүргізілген шығарылған үкім мен әдеттегі тәртіпке қарағанда үкімде айырмашылық болатынын айта кеткен жөн. Әдеттегі қылмыстық іс жүргізу біршама уақытты алады. Оған қатысатын тараптар, шақырылатын куәлар бар. Ақиқатты анықтау үшін көптеген сараптама сараланып, дәлелдемелер сүзгіден өтіп, қаншама куәнің сөзі таразыланады. Ал процестік келісіммен келісетін іс бойынша шығарылған үкім қысқаша. Сот үкімде сотталушының кінәсін дәлелдемейді. Тек сотталушымен және прокурормен іс жүргізу келісімі жасалғанын көрсетсе болғаны.

Осыдан көріп тұрғанымыздай қылмыстық істердегі процессуалдық келісімнің жаза басқандарға көмегі көп. Сонымен бірге, мұндай институт қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жеделдетіп, сот талқылауын барынша оңайлатады. Бұған қоса, сот актісінің орындалуында да кешігу, созбалаңға салу болмайды. Кінәні мойындау туралы келісімнің жасалуы жәбірленушіге де тиімді. Өйткені, азаматтар үшін қылмыспен келтірілген зиян үшін өтемақы алу маңызды.

Н. БАТЫРХАН, Алматы қаласы Жетісу аудандық №2 сотының судьясы

ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ – ОҢТАЙЛЫ ТӘЖІРИБЕ

2021 жылғы 20 желтоқсанда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданып, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекске енгізілген өзгертулерге сәйкес, соттан тыс тәртіппен жасалған алимент төлеу туралы келісімді тек нотариустар ғана емес, медиаторлар, адвокаттар, заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын тұлғалар да жасай алады. Яғни, сотқа жүгінбей-ақ, ерлі-зайыптылар осы көрсетілген тұлғалардың көмегімен алимент төлеу жөнінде жазбаша нысандағы келісім жасауларына болады. Болашақта әр тарап келісімде көрсетілген міндеттерін орындамаған жағдайда ғана, осы келісімді сотпен заңдастыруға мүмкіндіктері бар. Бұл жаңашылдық тараптардың арасындағы жылы қарым-қатынасты сақтап қалуға, уақыттарын үнемдеуге мүмкіндік береді. Кәсіпкерлікке қатысты ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзу туралы арызды некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркейтін органға қайта бергеннен кейін, олардың біреуі осы органға келе алмаса, оның нотариатқа куәландырылған келісімі болған кезде некені бұзу ол болмағанда жүргізілуі мүмкін.

Бұл заңдағы өзгеріс ерлі-зайыптылардың бірге тұрған уақытта алынған ортақ дүние-мүліктерін бөлісу жөнінде және өзге де даулары болмаған кезде және олардың әр түрлі елді мекендерде тұрып, некені бұзу туралы арызды тіркейтін органға бірге барып беруге мүмкіндіктері болмайтын азаматтар үшін жақсы жаңалық. Азаматтық процестік кодекске енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың ішіндегі ең ерекшеленгені – ол сотқа дейінгі хаттаманы жасау. Яғни, судья татуластыру рәсімдерін жүргізуге болатын санаттағы істер бойынша талап қою келіп түскен кезде келесі күннен кешіктірмей тарап-



Г. БЕКЕЖАНОВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Құрчатов қалалық сотының
судьясы

тарға сотқа дейін немесе соттан тыс дауды реттеуге болатынын көрсетіп, сотқа дейін хаттаманы толтыруға ұсына отырып, татуластыру шараларын өткізу жөнінде шартты немесе хабарлама жолдайды. Сотқа дейінгі хаттамада тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотқа қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Егер тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасаса, онда талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен

бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген мерзімдердің ішінде татуластырушы судьяның дауды тараптарды татуластыру арқылы шешу үшін бірнеше рет шақыруына, әңгімелесу жүргізуіне болады. Тағы бір ескертін жаңалық, ол – оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі АПК-нің 21-1-тарауына көшіріліп, бұл өндірісте қаралатын істер санатының ауқымы кеңейді. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер бойынша, іс қозғалғанға дейін тараптар татуластыру рәсімдеріне қатыса алады, сотқа дейінгі хаттаманы жасай алады. Егер де белгілі себептермен іс қозғалғанға дейін тараптар татуластыру рәсімдеріне қатыса алмаса, іс қозғалып қойғаннан кейін, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сотпен тараптарға, олардың татуластыру рәсімдері шеңберінде дауды реттеуге құқығы туралы, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы көрсете отырып хабарлама жіберіледі.

Егер хабарламаны алғаннан кейін тараптар татуласуға ниет білдіріп жатса, сот жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуге құқылы. Жекелеген процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін оңайлатылған іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. Істі оңайлатылған іс жүргізуде қараумен келіспеген тараптар – хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сотқа дауды талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат, ал жауапкер құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) ұсынуға құқылы.

Судья оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен істерді талап қою қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде қарайды. Яғни, бұл іс жүргізуде де сотқа тараптарды татуластыру үшін де бірнеше мүмкіндік берілген.

Мемлекетті басқару жүйесінде сот билігінің алатын орны ерекше. Өйткені, заң шығарушылық және билік тармақтарымен қатар, сот билігі қоғамдағы даулы қарым-қатынасты реттеудің бірден-бір тиімді құралы болып табылады.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ

Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміздің сот жүйесінде соттардағы дауларды шешуді жеңілдетуге, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған көптеген өзгерістер орын алды. Соның ішінде сот ісін жүргізудің төртінші түрі – билік органымен дауда ең әлсіз тарапты қорғауға бағытталған әкімшілік әділеттің іске қосылуы. Бұл тұрғыда 2021 жылдың 1 шілдесінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі күшіне енді және әрбір облыс бойынша Әкімшілік әділет соттары ашылып, өз жұмыстарын бастады.

Әкімшілік әділет соттары жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, мемлекеттік органдар, азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы туындайтын дауларды қарайды. Мәселен, кейбір жағдайда мемлекеттік органдармен туындаған дауы бар жеке адамдар өзін қорғай алмай жатады. Ал бұл заңда азаматтардың құқығын қорғау нақты көрсетілген. Мысалы, талап қоюмен азамат мемлекеттік органның үстінен арыз жазса, бұл ретте сотқа өз белсенділігін арттырып, айғақ дәлел іздеуге мүмкіндік беріледі.

Жуырда, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында азамат пен мемлекеттік орган арасындағы дау бойынша іс қаралды. Нақтырақ айтқанда, 1994 жылы талап қоюшы А-ға бау-бақша ұжымынан жер телімі берілген. Өмірдің әр түрлі жағдайларына байланысты жер теліміне меншік құқығы тіркелмеген. 2016 жылы талап қоюшы жергілікті атқарушылық органға жер учаскесінің жекеменшік құқығын рәсімдеуге өтініш білдірді. Өтінішке қарай, 1994 жылғы қаулы мен мемлекеттік актіні тіркеді. Алайда, 2016 жылы жерге орналастыру жұмыстары аяқталған жоқ, себебі талап қоюшы көрсеткен жер учаскесі бау-бақша ұжымында емес, тұрғын алабында орналасқан. 2021 жылы талап қоюшы қала әкіміне қайта өтініш білдірді. Жер комиссиясының қорытындысына сәйкес талап қоюшы жер учаскесін басқа бау-бақша ұжымына ауыстыру туралы өтініш беру ұсынылды. Талап қоюшы қала әкімінің әрекетсіздігіне дау айта отырып, мәжбүрлеу туралы әкімшілік талаппен сотқа жүгінді. Сотта анықталғандай, жергілікті атқарушы орган заңмен белгіленген тәртіпті бұзып, талап қоюшының өтініші бойынша түпкілікті шешім қабылдамаған, яғни, талап қоюшының мәселесі бес жыл уақыт ішінде шешімін таппаған. Сонымен қатар, Жер кодексіне сәйкес жер комиссиясымен ұсыным түрінде хаттамалық шешім шығару көзделмеген. Сот шешімімен талап қанағаттандырылып, жауапкерге әкімшілік актінің шығару міндеті жүктелді. Демек мемлекеттік орган арасындағы дау азаматтың пайдасына шешілді.

Сонымен қатар, сот жүйесінде түрлі дауларды бейбіт тәртіппен шешу тәжірибесі қалыптасып, азаматтар даулы мәселелерді бітімгершілікпен шешуді тиімділігіне қол жеткізуде. ҚР ӘРПК-нің 120-бабында тату-



А. ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маманы

ластыру рәсімдері көзделген. Демек, бітімге келтіру шараларын белсенді түрде қолдануда мәмілеге келтіру шарты ерікті түрде жүзеге асырылып, бұл өз кезегінде сот шығынын азайтып, ал қарым-қатынастарды тартыстық сипаттан арылтады. Осы бап талабына сай, тараптар өзара тартыну негізінде әкімшілік процестің барлық сатыларында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу немесе медиация туралы келісім жасасу арқылы істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Мәселен, жуырда сотта борышкер мен сот орындаушысы татуласты. Істің мәні бойынша, талап қоюшы Н. сотқа жеке сот орындаушысының қаулысына және әрекетіне дау айту туралы талап қоюмен жүгінген болатын. Сотта сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасын бекіту туралы қаулының күшін жоюды және шектеу шараларын шығару жөніндегі іс-әрекеттерін заңсыз деп тануды сұрады. Берешек сомасының көлемі уақытылы анықталмағандықтан және жалақыға өндіріп алуды қолдану уақытылы жүргізілмегендіктен қарыз жиналғанын, сот орындаушысы қызметіне төленетін соманың көбейгенін көрсеткен.

Алдын ала тыңдау барысында тараптардан медиациялық келісімді бекіту туралы өтініш келіп түсті.

Сот бекіткен медиациялық келісім шарттары бойынша талап қоюшы медиативтік келісім бекітілген кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде алимент бойынша 28 688 теңге, жеке сот орындаушысының қызметіне 89 640 теңге төлеуге міндеттенді. Жауапкер төлем жүргізілген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде сот орындаушысы қызметінің сомасын бекіту туралы қаулының және шектеу шараларының күшін жоюға міндеттенді.

Демек, борышкер мен сот орындаушысы татуласты. «Дау мұраты – біту» дегендей, біздің сотта тараптарды татуластыру, бітімге келтіру үрдісі өз жалғасын алдағы уақытта да таба бермек.

ОҢ ҚАДАМ

Соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан белсенді цифрландыру отандық сот жүйесін түбегейлі өзгертті. Жұмысты заманауи форматтары ІТ өнімдерді енгізу сот отырысының хатшыларына да әсер етіп, олардың жұмысын оңтайландырды және айтарлықтай өзгертті.

Егер бұрын сот отырысы хатшысының жұмыс уақытының көп бөлігі сот талқылауы хаттамасын қолмен немесе машинамен жазу тәсілімен дайындауға жұмсалған болса, енді хатшы сот отырысының барысын дыбыс, бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркейді.

Атқарушылық парактар атқарушылық іс жүргізудің ақпараттық жүйесімен интеграцияланған «Төрелік» сот органдарының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады, яғни, сот актілері автоматты режимде орындауға жіберіледі.

Тағы бір жаңалық – қашықтықтан немесе виртуалды деп аталатын процестер, онда адам сот ғимаратынан тыс жерде (үйде, жұмыста, елден тыс жерде және т.б.) сот отырысына қатысады. Сот отырысының хатшысына «виртуалды» сот процестерін ұйымдастыруда ерекше рөл беріледі. Хатшы процеске қатысушыны сот отырысы залына сапалы әрі үздіксіз қосуды қамтамасыз етуге, оған Skype, Zoom, NruеConf және т.б. бейнеконференцбайланыс жүргізудің түрлі бағдарламалары мен қосымшаларын қалай дұрыс пайдалану керектігін үйретуі тиіс. Соттардың жұмысына жұмыстың қазіргі заманғы форматтарын енгізу сот отырысының хатшыларынан үнемі өз бетінше білім алуы, біліктілік деңгейін, оның ішінде компьютерлік сауаттылық мәселелерін де арттырып отыруды талап етеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына ерекше рөл беріледі, ол сот отырысының хатшылары үшін біліктілікті

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖҮЙЕНІ ҚАЙТА ТҮЛЕТТІ

арттыру курстарын тұрақты түрде ұйымдастырады және өткізеді.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында мен осындай біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушысы болдым. Алайда, сот жүйесінде жұмыс істеген уақыт ішінде алғаш рет мен қашықтан оқытудан өттім және таң қалдым. Екі апта ішінде біз республиканың түрлі өңірлерінен келген сот отырысының хатшылары, пайдалы ақпараттың үлкен көлемін алдық.

ZOOM қосымшасы арқылы Академия оқытушылары қолжетімді нысанда, соның ішінде слайдтар мен презентациялар көрсету арқылы бізді қолданыстағы заңнамаға енгізілген жаңалықтармен, ҚР ратификацияланған халықаралық шарттар мен келісімдердің ережелерімен таныстырды, жұмыстың заманауи форматтары туралы, «электрондық істерді» қарау тәртібі туралы, отандық сот жүйесін одан әрі цифрландырудың перспективалар мен негізгі бағыттары туралы, соттардың жұмысына озық халықаралық тәжірибені енгізу, оның ішінде сот процестерін ұйымдастыру және жүргізу туралы айтылды.

Бүгінгі таңда біздің елімізде сот жүйесінің жоғары деңгейде жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, ол көбінесе озық халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Айсу МИРЖАНОВА,
Қостанай облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы -
сот отырысының хатшысы

ЖЕГІҚҰРТ

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске елеулі назар аудара отырып, өзін демократиялық зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнықтыруда. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру және жолын кесу ҚР соттарындағы қызметтің басым бағыттарының бірі.

Бұл індітке қарсы іс-әрекет әр салада жүзеге асырылуда. Кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Ол мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті

ҚОҒАМДЫҚ КҮРЕС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау органы шарпып, тыныс-тіршілігін

тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Ол үшін аталған дертке қарсы күресте атсалысуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымсы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Сот – мыңдаған адамдардың жанжалдары шешілетін аса маңызды мемлекеттік институт.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және тұтастай сот жүйесіне деген сенімін қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берген адам жеке басын, жақындары мен әріптестерін қатерге тігіп қана қоймай, қоғамға, мемлекетке орасан зор зиян келтіреді. Бұл індіт қоғамның дамуын тежейді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып қарсы тұруымыз керек.

Ш.ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
соты кеңсесінің меңгерушісі



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚР Президенті:

Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды. Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті», – деді Тоқаев сұхбатта.

«Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз»

«Тарихқа киянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде болып жатқан саяси шешімдер – соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын», – деді Президент. Бұл сұхбат барысында Қазақстаннан шетелге заңсыз шығарылған ақшалар туралы да айтылды. «Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе

дарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле- радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал, баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ, еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылды. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанағатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсысымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақта «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналық сөз бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен, азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, ақпараттық «соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан, біз де оған бейімделуіміз керек.

Мен «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал, теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР»

«Нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды»

«Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ, дәл осындай қарақшылардың қатігез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті coup d'etat деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдімізге, мемлекеттің тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шыны айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ, жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингіге қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды. Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарумен тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Бұл ешқандай кемсіту емес»

Қазақстандағы соңғы жағдайларға байланысты Президент өзінің алғашқы сұхбатын орыс тілінде «Хабар» телеарнасына берді. Бұл мәселе де үлкен қоғамдық талқыға өзек болған. Мемлекеттік тілдегі сұхбатында Қ.Тоқаев халық наразылығын тудырған осы жағдайға да тоқталды.

«Бұл ешқандай кемсіту емес, ешқандай менсінбеу де емес деп айтуға болады. Көптеген арна осыған дейін менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған. Ешқайсысына келіспедім. Кейін тек «Хабар» арнасына сұхбат беремін дедім. Себебі, ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені, Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына беру керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал, қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміздің бізден басқа ешкімге керегі жоқ. Сондықтан, ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын», – деді.

«Құқық қорғау органдарының жұмысына араласпаймын»

Халық көкейіндегі көп сауалдың бірі – тергеу орындарындағы заңпауларға қатысты болағын. Мемлекет басшысының бұл мәселедегі жауабы былай өрбиді: «Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқықбұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе, қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Бұзақылар туралы мәселеге келсек. Кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішін-

де таратады. Бірақ, мынаны ұмытпауымыз керек, солардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз қаһармандары, батырлары деп айтуға қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатты көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет», – деді Президент Қазақстан ұлттық арнасына берген сұхбатында.

«Ортақ мүддеміз үшін жасалған әрекет»

Қаңтар оқиғасы кезінде Қ.Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін көмекке шақыруды және ол бұл қадамна өкінібейтінін де айтты. «Бұл ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені, қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар, тіпті, Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды». Осындай жағдайда олардың бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді. Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп атайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни,

бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Бұл мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз», – деді.

Қоғам алдында тұрған мәселелер көп. Қ.Тоқаев оларды да атап өтті. «Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл менің нақты ұстанымым», – деді Тоқаев сұхбатында.

«Ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде орын алып жатқан үрдіс

Президент қаңтар оқиғасы кезінде интернеттің бұғатталуы себебін, одан бөлек, журналистика жайын, шетелде жүрген мамандарымыз жайлы да өз сұхбатында айтып өтті. «Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ, басқа да ақпарат құрал-

«Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болған жөн»

Шетелде жүрген білікті мамандар хакында:

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қалса бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ, шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, алами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі еңбеккерлік, біліктіліктің идеологиясын көтеру керектігін баса айтты.

– Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбеккер, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орта Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал біздің бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбаракат жүрміз» деп қатты маңғандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орта Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал, біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл «сырьевое проклятие», яғни «шикізатқа тәуелді болудың салдары», – деді Мемлекет басшысы сұхбатында.

Кең көлемдегі сұхбатта ел көңіліндегі көп мәселе көтерілді. Сөз соңын Президенттің көпшілік алдындағы ағынан жарылған мына бір сөзімен аяқтаған жөн шығар. «Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек. Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған көміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз. Ал, Егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел.»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– **Топ құруға көпшіліктің қоңырауы түрткі болған екен ғой.**

– Иә, интернет пайда болған сәтте мен әріптестеріме қазақстандықтарды тегін қолдау туралы ұсыныс жасадым. Бұл оңай болған жоқ, өйткені, барлық коучтар тынымсыз жұмыс істейді және өте жақсы ақша табады. Ұсыныстан кейін коуч сессияларын тегін өткізуге келісе ме деген күмән болды. Біз ZOOM-ға жиналып, осындай қозғалысты ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді талқыладық. Осылайша «Өзгерістер агенттері» қозғалысы пайда болды. Әлемнің 100-ден аса кәсіби коучтері Қазақстан тұрғындарына, қазақ бизнесіне ақысыз ProBono сессияларын өткізуге қолдау көрсету туралы шешім қабылдадық.



КӘСІБИ КОУЧТАР КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСКЕНДЕРДІ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

ProBono – бұл қоғамдық игілік үшін. Бір сессияның ұзақтығы 60 минутқа дейін, максаты – нақты сұранысты шешуге қолдау көрсету. Әр адаммен немесе кәсіпкермен барлығы 3-4 сессия етеді.

Командадағы барлық коучтер – еріктілер, кәсіби сертификатталған жаттықтырушылар. Олар бизнес жобалар бойынша кеңес береді, оның ішінде командалық коучинг, бизнес – мониторинг, қолдау, консалтинг, эмоциялық интеллект бойынша коуч, мансаптық коучинг, білім беру ұйымының бағдарламаларында коуч-кеңесші, кәсіби психологтар қажет болған жағдайда дағдарыстардан өту тәжірибесі бар. Міне осындай мамандар азаматтарға тегін көмектесуде.

– **Шындығында қақтығыс кезінде шағын және орта бизнес өкілдері аз шығын көрмеді. Психологтар олардың материалдық шығыннан бөлек, бизнесін қайта жүргізуге батылы жетпей жүргенін, жиі көмек сұрайтынын айтады. Әрине, қазір психолог, психиатрлардың кеңесін алу да аз ақша тұрмайды. Былайғы өмірде коучтардың еңбегі қалай бағаланады?**

– Күнделікті өмірде олардың кейбіріне бір ай бұрын жазылып, 1 коуч сессияға кем дегенде 200 еуро төлейсіз. Ал біздің қозғалысқа қосылғандар қазақстандықтар үшін коуч сессияларды тегін өткізуге келісім берді. Сол үшін әріптестеріме алғысым шексіз!

Итальяндық психолог Энниофлиано «Ғылымдар мен машиналардың прогресі пайдалы құрал. Бірақ, өркениеттің жалғыз максаты – адамның дамуы» дейді. Яғни, коучинг тек өзін дамытып қоймай, басқалардың дамуына көмектеседі. Шамасы, бізге де осындай уақыт келді.

– **Сіздерден көмек сұрап жатқандар көп пе?**

– Өкінішке қарай, біз тегін жұмысымызды кең көлемде жарнамалап жатқан жоқпыз. Жарнама көп қаражатты қажет етеді. Сондықтан біздің қозғалысы туралы ақпарат таратып, қолдау көрсеткендердің барлығына алғыс айтар едік. Біздің қозғалысы туралы толық білмегендіктен, әзірге көмегімізге жүгінушілер аз. Ал кеңес алғысы келгендер болса, кәсіби коучтар жан-жақты қолдау білдіріп, жол көрсетуге дайын.

– **Қаңтар оқиғасынан кейін психологтардың жедел желілеріне хабарласушылар саны артқан. Бұл сұраныс қаншалық көбеюіне алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін не істеу керек?**

– Әріптестеріміз арасында кәсіби психологтар да бар. Бұл үшін біздің инстаграмдағы @agenty.premen парақшамыз құрылды. Онда біздің мамандармен байланысу үшін директке жазып немесе парақшаға кіріп таплинкке өте алады. Телеграм каналында да «Өзгерістер агенттері» арнасы бар.

Сонымен қатар, өзге елде тұратын әріптестеріміз де көмектесуге дайын отыр. Дегенмен, өзге елдермен арада уақыт айырмашылығы бар. Мысалы, Барселонада бір психолог тұрады, бізбен 5 сағаттық айырмашылық болғандықтан көмек сұрағандарға бірден жауап бермеуі мүмкін. Бірақ кез келген жағдайда олар әрқашан жауап береді, жазады.

Тағы бір айта кетерлігі коучтар этикалық кодексті сақтайды, сондықтан біз адамдардан келіп түсетін қандай да бір сұраулар туралы жазуға, адаммен болған жағдайларды сипаттауға, тіпті бір-бірімізбен талқылауға құқығымыз жоқ. Бұл бізге жүгінген адамның өзі туралы құпиясы. Сондықтан, қиын жағдайда, күйзелісте жүрген адамдар бізге еш қысылмай хабарласып, көмек алса болады.

– **Көмектеріңіз халықтың қажетіне жарасын! Жұмыстарыңызға сәттілік!**

А.САТЫБАЛДЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

«Қарыз қайтарылуымен ғанибет», «Қарыз қатынас бұзады» дейді бабаларымыз. Бұрынғы қарыздың орнын бүгінде несие алмастырған. Өркениетті елдерде несие – жаңа бастама жасаудың, мақсатын жүзеге асырудың мүмкіндігі деп бағалайды. Өкінішке қарай, біздің елімізде қарыз алуға жеңіл қарайтындар жеткілікті. Бұған халықтың құқықтық сауатымен қоса, қаржылық сауатының да кемдігі әсер етуде.

Әсіресе, қаржылық білімінің төмендігінен азаматтар банк пен қаржы ұйымдарынан несие аларда келісімшартқа мән бермей, қол

ныстырған адам А.К.-нің банк шотында күдікті операциялар орын алғанын айтып, сақтық шараларын жасауға шақырады. Ол үшін ұялы телефонға «AnyDesk» қосымшасын жедел жазып алуға кеңес береді. «Банк қызметкері» ескерткен соң азаматша бірден қосымшаны телефонына жазып алады. Ал кешкісін өзінің атына банктен ЕКР007194314 номерлі несие шарты бойынша 4 400 000 теңге берілгенін біледі. Жәбірленуші хабарды ести сала банкке жетем дегенше алаяқтар шоттағы 2 100 000 теңгені үшінші адамның шотына аударып үлгерген екен. Банк қызметкерлері мұның бәрін алаяқтар жасап

меткерлері кешігіп болса да қарточканы бұғаттаған. Осы арқылы жәбірленушіге екі млн бір жүз мың теңге материалдық залал келген.

Алайда, бұл қылмыстық істе банк кінәлі немесе күдікті ретінде танылмаған. Жауапкер көрсеткендей онлайн несие рәсімдеудің барлық қадамдарын (қашықтан телефонға қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламаның болуы, жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмесі, телефонға жолданған құпия сөздерді жіберу) жәбірленуші еш кедергісіз орындаған.

Ал жәбірленушінің банкке дер кезінде келіп, алаяқтардың онлайн

ҚАРЫЗ ҚАТЫНАС БҰЗАДЫ

қойып түрлі қиындыққа тап болады. Несиенің үстемесін, өсімпұлдың ойламай қарыз алатындар қайтарар кезде ғана тұтылғанын біліп сан соғып жатады. Сонымен бірге, тұрғындардың құжатқа мән бермеуі, жеке басын куәландыратын құжаттарын бейтаныс адамдарға беруі, интернеттегі жеңіл ақша, ұтыс ойындарына көзсіз сенуі, телефон арқылы хабарласатын алаяқтарға жеке басына қатысты мәліметтерді ұсынуы ақшасынан ажырап, сергелденге түсуіне себеп болып отыр. Сот жүктемесінің көбеюіне де осындай даулар ықпал етуде.

Жалпы, сот жүктемесіне, сотта жиі қаралатын істерге мониторинг жасағанда азаматтардың онлайн несиелерді рәсімдеу, алаяқтардан қорғау, банкпен арадағы келісімшартты қайта қарау бойынша жиі шағымданытынын байқауға болады. Жаңа технологияның дамуы, интернет алаяқтықтың жыл өткен сайын түрленуі қаржысынан ажыраған азаматтар қатарын көбейтуде. Бұрын азаматтар банктер мен шағын қаржы ұйымдарын жоғары үстемақы, өсімпұл үшін айып-тап, сот арқылы құқығын қорғайтын. Оның арасында келісімшарт дұрыс рәсімделмеген, не жазылғанын түсінбедім деп өз қателігі үшін банкті айыпты ететіндер де баршылық еді. Ең бастысы осы тұста қарапайым азаматтардың өз құқығын кімнен, не себепті даулайтыны белгілі еді.

Ал қазір монитордың ар жағында отырып-ақ алаяқтар миллиондарды қалтасына басуда. Қанша жерден қауіпсіздік шараларын қатайтып, алаяқтардың банк операцияларына араласуына жол бермейміз дегенмен, банктер мен шағын қаржы ұйымдарының өзі олардың алдында дәріменсіз екенін мойындауда. Азаматтар да өзінің сенгіштігінен, жеке құжаттарын құпия ұстамағандықтан белгісіз алаяқтарға жем болып, өз шығындарын кімнен өндіріп білмей дал. Кейінгі уақытта сотқа жолданған арыздардың дені осындай.

Мысалы, Медеу аудандық сотына арызданған А.К. деген азаматшаның жағдайын алайық. Былтырғы жылы 23 маусымда өзін банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде та-



жатқанын айтып, жәбірленушінің картасын бірден бұғаттайды. Алайда, қолды болған 2 100 000 теңгенің сұрауы кімде?

Қиналған жәбірленуші орын алған жағдайға орай сол күні полицияға шағым түсіреді. Ол бойынша қылмыстық іс қозғалған. Сонымен қатар, жәбірленуші ешқандай несие алуға өтініш бермегенін, ешбір келісімшартқа қол қоймағанын, банктен ақша алмағанын алға тартып, ҚР Қаржы нарығын дамыту және бақылау жөніндегі агенттігіне де шағым жазған. Онда қылмыстық іс аяқталғанша банктің несие үстемақысын тоқтатып, айыппұл салмауын құзырлы органнан сұраған. Сонымен бірге, ішкі қызметтік тексеру жүргізуді өтінген. Алайда банк қылмыстық іс қозғалғанына қарамастан, несие келісімшартын тоқтатпаған. Осыны алға тартқан жәбірленуші несие бойынша келісімшарт жасамағандықтан, Азаматтық кодекстің 158-бабын басшылыққа ала отырып келісімшартты жарамсыз деп тануды талап еткен.

Іс материалдарын қарау барысында жәбірленушінің шағымына сәйкес ҚК-нің 190-бабы 2 бөлімі бойынша қылмыстық іс тіркелген. Белгілі болғанындай 23 маусым күні сағат 11.51-де қоңырау шалған белгісіз азамат алдау және сенімге қиянат жасау жолымен А.К. ұсынған анкеталық мәліметтер көмегімен Қазақстан халық банкінен онлайн режимінде несие рәсімдеген. Шотқа түскен 4 400 000 теңгенің 2 100 000 теңгесін белгісіз алаяқтар алып үлгерген. Банк қыз-

несие рәсімдегені туралы хабарлауы оны қарызды төлеуден құтқара алмайды. Өйткені, бұл жерде үшінші тұлғаның кінәлі екені дәлелденбеген. Осыған орай А.К.-нің банкке қатысты арызын сот қанағаттандырмады. Егер қозғалған қылмыстық іс бойынша кінәлілер анықталса, жәбірленушінің өз құқығын қорғап, шығынды қайтарып алуға мүмкіндігі бар.

Осыған ұқсас істерді таразылай келе алдағы уақытта мына жағдайлар жіті ескерілуі тиіс:

Біріншіден, азаматтардың қаржылық сауатын көтеріп, әлеуметтік желі, ғаламтор алаяқтарының алдау жүйесін түсіндіріп, халықты сақтандыру маңызды. Екіншіден, банктер мен шағын несие беру ұйымдары беретін несие көлемі 1 млн теңгеден жоғары болмауы керек. Несие сомасын тұтынушының жазбаша өтініші негізінде ғана көтерген дұрыс. Үшіншіден, онлайн-несие беру жүйесін жаңғырту керек. Төртіншіден, үшінші тараптың әрекетінен сақтандыратын қосымша ережелер қарастырылған орынды. Бесіншіден, мұндай жағдайлар орын алғанда қылмыстық іс аяқталғанша банктер мен шағын несие беру ұйымдары азаматтарға несие беру кешіктіргені үшін айыппұл салуды шегере тұрғаны жөн. Мұның құқықтық қадамдарын пысықтаған дұрыс. Тек сонда ғана азаматтарды алаяқтар алдауынан сақтандыра аламыз.

ДАКЕТАЕВ,
Медеу аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПАЙЫМ

Егемен еліміздің алға қойған мақсаттарының бастысы – құқықтық мемлекет құру. Осы бағытта заңдар үздіксіз жетілдіріліп, заман сұранысына жауап беретін жаңа кодекстер қабылданауда. Бұл ретте Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) айрықша атауға болады.

ӘРПК мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, оларды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізуді реттейді. Осы тұрғыда заң жария-құқықтық дауларда тараптар теңдігін қамтамасыз етіп, әкімшілік органдар жауапкершілігін арттыруымен құнды. Жаңа кодекстің әрбір нормасын насихаттау қазіргі күннің басты талабының бірі.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары 2-тараудың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Зандылық қағидатына қатысты айтсақ, әкімшілік рәсімдерді әкімшілік орган мен лауазым иесі Ата Заң, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, өз

ІС ҚАРАУДА ТАРАПТАРДЫҢ МҮМКІНДІГІ ТЕҢ



құзыреті шеңберінде орындайды. Ал, сотта қолданылатын заңның немесе басқа да нормативтік құқықтық актінің қандай да бір талабы азаматтың конституциялық құқығына нұқсан келтіретіні анықталса, онда іс жүргізу тоқтатылып, сол норманы конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгіну әрбір судьяның міндеті. Конституциялық Кеңес тиісті

шешім қабылдаған соң ғана іс қайтадан қаралады.

Істі қарау барысында әкімшілік орган, лауазымды адам, сот қай-қайсысының болсын бейтараптылық сақтап, іске қатысушыларға теңдей мүмкіндік жасауы әділдік қағидатымен міндеттелген. Занда немесе тараптар келісімінде сөтпен шешілуі тиіс мәселе болған жағдайда әділдік пен ақылға қонымдылық

өлшемшарттары негізге алынады.

9-бапта айқындалғандай, кез келген адам құқығы мен бостандығын, заңды мүддесін қорғауда әкімшілік органға немесе лауазымды адамға, сондай-ақ, сотқа жүгінуге құқылы. Бірақ, дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі көзделген жағдайда бұл талап міндетті түрде сақталуы керек. Онсыз сотқа бара алмайды. Яғни, барлығы заң шеңберінде жүзеге асады.

ӘРПК-де мемлекеттік органдарға да өз құзыреті шегінде сотқа жүгіну мүмкіндігі берілген. Олар сотқа басқа немесе айқындалмаған тұлғалардың бұзылған, дау айтылатын заңды мүддесін қорғау туралы талап қоя алады. Жеке және заңды тұлғалар мұндай талаппен осы заңда белгіленген тәртіпте жүгінеді. Прокурор сотқа өз міндетін іске асыру барысында талап қою құқығына ие.

Жоғарыда айтылғандай, дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақталған соң ғана сотқа жолданым беріледі. Сон-

дай-ақ, әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгіну құқығынан бас тартуға мәжбүрлеу заңға қайшы. Бұл өз кезегінде заңмен белгіленген жауаптылыққа алып келеді. Мөлшерлестік қағидаты бойынша әкімшілік орган мен лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, сонымен қатар, әкімшілік әрекет пен әрекетсіздік мөлшерлес, яғни, жарамды, қажетті, пропорциялы болуы керек.

Әкімшілік әділет жүйесінің дамытылып, арнайы заң қабылдануы, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың құрылуы өз кезегінде халық үніне құлақ асатын мемлекетке жол ашады.

Лаура БЕЛГІБАЕВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ



Алматы қаласы Медеу ауданы әкімшілігінде аудандық Ардагерлер кеңесінің II пленумы болып өтті.

Оған ардагерлер кеңесінің мүшелері мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Шарада Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бахтияр Камалов сөз алып, 2022 жылдың 11 қаңтарындағы ҚР Парламенті Мәжілісіндегі Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың сөйлеген сөзіне орай, Ардагерлер кеңесінің 2021 жылы атқарылған және 2022 жылда атқарылатын жұмыстарына байланысты баяндама жасады. Ардагерлер кеңесі ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайының қорғалуына, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік пен ұйымдастырудың барлық түрлеріне байланысты, аудан әкімшілігімен тұрақты түрде тығыз байланыс орната отырып, соғыс ардагерлеріне, ардагерлер мен зейнеткерлерге, тыл еңбеккерлеріне, соғыс ардагерлерінің жесірлеріне, жалғыздікті қарттарға әлеуметтік көмек көрсеткен. Дегенмен де, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға қарамастан, әлі де қарт адамдарға ерекше назар аударылатын жайттар аз емес көрінеді.

Шара барысында Абай атындағы ҚазҰПУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Әлмұхамбетов білім саласын бұқараландыра, имандылыққа ұйыта отырып, жастарға рухани тәрбие беру мәселесіне және жыл басында орын алған қаңтар оқиғасына тоқтала келіп: «Отбасылық тәрбиенің де олқы кеткенін мойындағанымыз жөн. Ақпараттық интернет әлемі жастарды жаулап алып, көптеген теріс бағыттар беруде. Бұл мәселені де ескергеніміз жөн. Біз намысшылдығымыз,

сезімталдығымыз, мінезіміз жағынан алғанда асыл текті, кең пейілді мызғымас күшке ие, діні, ділі мен Отанына деген ынты-ықылдасы кімге болмасын жігер беріп жүрген жан емес пе едік?! Демократиялық құндылықтар дүние танымымыздың жемісі болса, онда оларға деген қандай өшпенділік болуы мүмкін?» деген қынжылысын білдірді.

Сонымен қатар, жиында Медеу ауданының ардагерлер ұйымы мен комиссия төрағалары өз учаскелеріндегі өзекті мәселелерді тілге тиек етті. Мысалы, аудандық әлеуметтік әл-ауқат бөлімінің жетекшісі Ержан Байқоныс аудандағы жағдайы төмен қарт адамдарға көмек көрсетіліп жатқанын нақтылай келіп, – сол қарт кісілердің балалары көп жағдайда шетелге кетіп қалып, кейін ата-аналары өмірден озған соң үйлерін алуға келеді немесе кейбіреулері ата-аналарының үйлерін сатып жіберіп, қарттарды далаға қалдырады, – дейді. Расымен де, бүгінгі таңда мұндай жайттар аз емес. Сонда ондай ата-аналардың обал-сауабы кімге деген сауал туындайды.

Шарада Халыққа қызмет көрсету орталығынан келген Арайлым Айжановаға, жергілікті полиция бастығы Айбек Болатбаева ардагерлер өздерін мазалаған сауалдар қойып, нақты жауаптар берілді. Сондай-ақ, «Рахым» әлеуметтік қоғамдық қоры үйінің жетекшісі Бибиһүр Шералиева да жалғыздікті зейнеткерлер әлеуметтік көмекке зору дей келіп, оларға қосымша пакет ұйымдастырылатындығын жеткізді.

Шара соңында Алматы қаласы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Құрманғалиев мырза сөз алып, Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі көптеген игілікті істерге ұйытқы болып отырғандығын атап өтіп, өткен жылы жүзеге асырылған істерге жоғары баға берсе, алдағы уақытта атқарылатын істерге сәттілік тіледі.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі

БАЙҚАУ

ҮЗДІК ЖАСАҚ БАСТЫҒЫ

Сотталған адамның бас бостандығынан айыру орнындағы ең жақын жанашыры – жасақ бастығы. Жазалы адамдардың қоғамға қайтадан қалыпты азамат болып оралуына көп еңбек сіңіретін де сол жасақ бастығы. Ол өзіннің қарамағындағы әрбір сотталған адамның мінез-құлқын, өмір сүру дағдысын, жақсы қасиеттерін немесе жаман әдеттерін жақсы біледі. Әр адамның түрмедегі тағдырына да жауапты. Осындай жауапты жұмыстың жүгін аркалап жүрген жасақ бастықтарының арасында жыл сайын «Үздік жасақ бастығы» деген конкурсы ұйымдастырылып тұрады. Негізінде, бұл конкурстың мақсаты – жасақ бастығының сотталғандар арасындағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту, олармен тәрбие жұмысының сапасын арттыру жолындағы кәсіби шеберлігін шыңдау.

Әр туры 3 кезеңнен тұратын биылғы конкурста – жасақтағы тәрбие жұмысының ұйымдастырудан, сабақ өткізуден, жасақ бастығының жұмыс бөлмесін, тәрбие жұмысына арналған бөлмені, сотталғандардың жатын бөлмелерін безендірудің жаңа әдістері туралы түсірілген бейнероликтерін сығна салды. Сондай-ақ, медициналық және кәсіби даярлықтары бойынша да жарысқа түсті. Соңғы турда жасақ бастықтары әуелете ән шыр-



қап, күмбірлете күй тартты, тебірене өлең оқыды. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған ЛА-155/6 мекемесінің жасақ бастығы әділет капитаны Бекзат Жақанов алдағы уақытта конкурстың Қостанай қаласында өтетін үшінші кезеңіне қатысып, бақ сынайтын болады.

Г.МАГЗУМОВА

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ЖЕТІМ БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

1995 жылы дүниеге келген азамат Ж. Кәмелет жасына толғанға дейін ата-анасынан айырылған. 2008 жылы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаты бойынша тұрғын үй кезегіне тіркелген. Кезекте тұрғандықтан 2019 жылы Ж-ға әкімдік тарапынан жекешелендіру құқығынсыз уақытша пайдалануға пәтер берілген.

Жақында Таскала аудандық сотына «Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жауапкер Ж-ны басқа баспана бермей, тұрғын үйден шығаруды және пәтер үшін берешек төлемақы сомасын өндіру туралы талап арыз түсірді. Талап қоюшының уәжі бойынша, жауапкер пәтерге бөгде адамдарды тұрғызып, пәтердің төлемақы сомасын бірнеше ай уақытылы төлемеген.

Істі қарау барысында жауапкер материалдық жағдайына байланысты бірнеше ай үйдің төлем ақысын төлемегенін мойындап, алдағы уақытта кешіктірмеуге уәде берді. Үйден шығару туралы талапты мүлдем мойындамады. Қазақстан Конституциясының 13-бабының 2-бөлігіне сай, әркімнің өз құқығы мен бостандығының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Сондай-ақ, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 8-бабына сай, тұрғын үйге құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды сот шешеді. Азаматтарды және заңды тұлғаларды олардың тұратын тұрғын үй-жайларынан тек осы заңда белгіленген негіздемелер бой-

ынша, сот тәртібімен ғана шығаруға болады. Заңның 67-бабының 1-бөлігі 1-1-тармағында, 68-бабының 6-тармағында, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын, мұқтаж және есепте тұрған кемелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар беру көзделген.

Заңда әртүрлі санаттағы жалдаушыларды жалдаған тұрғын үйден шығару негіздері де қарастырылған. Алайда, құжаттың 86-бабының 1-1-бөлігінде, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңына сәйкес қамтамасыз етілетіні қарастырылған. Ал «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңның 14-бабының 3-бөлігіне сай, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жетім балаларды оларға басқа тұрғын үй берілмейінше, тұрып жатқан тұрғын үйінен шығаруға болмайды. Сот, жауапкердің жасы жиырма бесте екенін, оны басқа тұрғынжай бермей, тұрып жатқан пәтерден шығаруға заңмен тыйым салынғанын ескеріп арызды қанағаттандырудан бас тартты.

Р.ХИСАМЕТДИНОВ,
Таскала аудандық сотының бас маман
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

3. «Бөбекжай балабақшасы «Премиум класс Сұңқар» ЖШС (БСН 151140007384), өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, «Қуат» ықшамауданы, Рахымбаев Амангелді Мұнайтасұлы көшесі, 25А үй. Тел.: 87015544297.

7. «Жанали-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 141040027656 таратылғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы мекенжайы бойынша қабылданады. Елтай ауылдық округі, Береке ауылы, Байбосын Тамабаев көшесі, 10Б, пошта индексі 040717

11. «ЕрДаян» ЖШС (БСН 180940000730), өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, М.Өуезов көшесі, 178 үй, 87 пәтер. Тел.: 87754798922.

МҰРАҒЕРЛІК

4. 19.01.2022 ж. қайтыс болған Нұртай Айкынның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Кайнарбекова Н.Ж. келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы к., 81А. Тел. 87277624064.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгіш көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы Қызылорда облысы бойынша соттар әкімшісінің басшысы Сүлеймен Сағатбек Болатбекұлына апасы

Жайсанова Құлшарипа Сүлейменқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы Қызылорда облыстық сотының судьясы Нұрлан Өміртайұлына ағасы

Қоқыбасов Ыдырыз Өміртайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы, ҚР Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының судьясы Сүлейменова Ұлбосын Аждарқызына әкесі

Аждар Нұрымұлының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы, ҚР Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы ұжымы, Шымкент қалалық сотының төрағасы Рахимбек Ербол Мұқанұлына

ағасының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

(Соңы. Басы өткен сандар)

– Тағы кімнің қатысы бар бұған? Түгел айт!
– Шаттықты өзің біліп отырсың. Сосын қасымдағы бала... Әскер... Бектібайдың інісі, Түктібай бар еді. Ол бірақ...
– Не бірақ? Айта бер, бөгелме.
– Айтсам, бір айдай болды-ау, Түктібай жоқ боп кетті. Шаттықтың қасында еді.
– Осы бесеуің ектіңдер ғой сораны? Әлде тағы біреулер бар ма?
– Не ғой, иә, бесеуіміз ғой. Сосын Шаттық пен Түктібай басында қалған. Сол... жоқ боп кетті. Шаттық айтады Қызылордаға барам деп кетті деп. Білмедік не болғанын.
– Түсінікті. Кінәнді біліп тұрсың ғой.
– Білем ғой, білем. Біз пешкамыз. Соны ескерерсің, інім!

Көліктегі төртеу

Тысқа алып шыққанда, төбеден төнген шақырайған күн түнімен қараңғылықты қарманған көзін қарықтырып жіберді. Қай мезгіл екенін топшылай алмай, тізесі дірілдеп, тәлтіректен құлап қала жаздағаны содан. Ендігі өмірі не боларын ойлағанда іші жидіп сала береді. Артқы есіктен шығарған екен. Өзін делекетіп айдаған сержанттың алып келген жері аулада тұрған терезесі торлы «УАЗ». Есігін ашып, иегімен ішті нұсқады. Бұл созылаңдап мініп жатыр. Есігін тарс бекітті. Іште үп еткен леп жоқ. Пысынап сала берді. Темір торлы терезеден көрінген тыстағы еркін тіршіліктің енді өзіне түк қатысы жоғын ойлағанда, жон арқасынан суық тер білінді. Қолдары кісендеулі екі адамды айдап сержант келеді. Таныды. Ақбас Қайырбек пен Әскер. Оның соңын ала тағы біреуін алып шықты. Ол да көзіне оттай басылды. Бектібай ғой. Бәрі ұсталыпты. Осы сәт көңілінде қанағаттанарлық бір сезімнің пайда болғаны. Егер әшкерә болған жағдайда, Бектібай орға жалғыз бұны итеріп тастап, өздері сүттен ақ, судан таза боп, құтылып кете ме деп қауіптенетін. Сүйенер тіректен ада жетім жанның көретіні сол ғой. Барлық жазаны жалғыз адамның арқалап кеткені әділдік пе?

Машина орнынан қозғалып кетті. «Қайда апарар екен? Әй, енді бәрібір, қайда апарсаң, онда апарсын. Көрмегені түрме емес. Көктемде Бектібайдың ұсынысына келіскенде, басын байгеге тігіп, не зауалға да тәуекел етпеді ме? Бектібайдың өзі төрт рет сотталған. Мынау бесінші. Түрмеден адам өлетін болса, әуелі осы Бектібай өлер еді! Дегенмен... әттен-ай, бір күн ерте қимылдағанды ғой, ұстатпай кетер едім-ау» деп ойлады өкініштен өзегі өртенген Шаттық.

Жалағаштың көшелері түгесіліп, сортаң далалық басталды. Жол бойы селдіреген жынғылды тоғай зымырап артқа жүгіреді. Ара-тұра кезіккен жантақты алқап көз алдында шыр көбелек айналып артқа қалып жатыр. Бір кезде әспәлт жол түгесіліп, машина солға бұрылды. Толқынға тап келген қайықтай даланың кара жолымен терезесі торланған «УАЗ» қайқандап келеді.

Жанайқай

Төрт айдауылға қосақтап кісенделген төрт күдікті үңгір алдына келтірілді. Бектібай «менің кінәм жоқ» дегендей кеудесін керіп, еңсесін тік ұстайды. Шаттықтың көзі жалт-жұлт етіп, маңайындағыларға өшіге қарайды. Ақбас Қайырбек пен Әскердің еңселері түсіп кеткен. Олардың бұлайша жүнжіген себебі Барысбекке ғана мәлім. Бұл екеуі бұрын түрме көрмеген. Зорелері зәр түбіне кетіп тұрғаны сондықтан.

– Қарасораны сен басқарып ек-

ШАТТЫҚТЫҢ



ҮҢГІРІ

тіріпсің. Әңгіменді басынан бастап айт, – деді Барысбек Бектібайға сұрақ қойып.

– Мен басқарған жоқпын, мен екітірген жоқпын, – деді Бектібай бірден басын алып қашып.

– Мыналар сен дейді ғой.

– Жала жауып тұр. Бұрын наша шеккенім рас. Намамен сотталғаным рас. Сондықтан бұларға «ұсталып қалсаңдар, Бектібайды көрсетіңдер» деп үйретіп қойған. Қазір мен нашадан тазамын, – деді Бектібай.

– Қайырбек, сен сөйле. Далдабайға Әскер екеуің неге келдіңдер?

– Шаттыққа іражжи, май... азық-түлік әкелдік.

– Кім жіберді?

– Шаттық аш жатыр ғой.

– Кім жіберді деймін?

– Енді...

– Кеше Бектібай жіберді деп едің ғой.

– Қашан жібердің сені? – деді осы арада Бектібай киіп кетіп.

– Беке, сен не? – деп сөзге Шаттық араласты.

– Жібергенің рас. Кетсек бәріміз бірге кетуіміз керек. Ұйымдастырып екітірген сен ғой.

– Пашол ты, – деп жекірді Бектібай орысша сөзді қазақтың жалпақ тіліне салып. – Бәрі келісіп алған мені айтуға. Сөйдеп айтқызып отыр біреу. Әй, жігіттер, өйдеп нақақ күйдірмендер адамды.

– Сораны егуге кімдер келді? Шаттық, сен айт!

– Бектібай бәрімізді әкелді. Қайырбек, Әскер сосын мен.

– Әскер, рас па?

– Рас. Сосын Түктібай аға.

– Айтпақшы, сенің Түктібай інің болыпты ғой, – деді Барысбек Бектібайға бұрылып.

– Өтірік айтады. Ол Қызылорда жақта... жұмыста...

– Сен Бектібайдың кластасысың ғой. Ашығын айтшы, – деп ақбас Қайырбекке бұрылды.

– Рас. Әуелі осында еді. Шаттықтың қасында. Кейін Қызылордаға кетіп қалыпты.

– Қашан кетті қалаға?

– Бір ай бұрын, – деді Шаттық.

– Сонымен екен сендер. Кәне, көрсетіңдер егіндеріңді!

Шаттық пен ақбас Қайырбек алға түсті. Қалғандары сонынан қозғалды. Арна түбіне барғанда, Шаттық сораны қалай жабылып екенін, құдықты қа-

лай жабылып қазғанын баяндады. Қайырбек пен Әскер оның сөзін растап, мақұлдаумен шектелді. Бектібай болса, сораға қатысы жоқтай сазарып алған.

– Орып алған қарасораны кешегі жауабыңда кәріс алып кетті деп едің, – деді Барысбек бері шыққан соң. – Кәріс емес, Бектібай болып шықты ғой басқарушың.

– Кәріс деді ме? – деп елең ете қалды Бектібай. – Әуелі шынын айтқан екен. Әй, мен қашан алып кеттім?

– Білмеймін. Мен жоқта біреу жинапты. Мүмкін өзің шығарсың алып кеткен.

– Дамбаның топырағы бұзылыпты, бірдене көмген сияқтысың ғой, – деді әңгімеге араласпай үңгір маңайын асықпай барлап келген Шайзат Шаттыққа күрек ұстатып. – Өзің көмген жерді өзін қаз.

Ол жерге күректі ықылдасыз батырып, қаза бастап еді, топырақ астынан кара түсті шалбар шықты. Екі балағын, белін түйіп тастаған. Томпайып тұр.

– Әне, – деп қуанып кетті Бектібай. – Ішіндегісін кара. Шөп қой. Бектібай алып кетті деген шөп. Жала жауып тұр демедің бе?

– Білем мен сенің піғылыңды! – деді Шаттық Бектібайға түйіле қарап. Күректі білемдеп ұстап алыпты. Еркіне қоя берсең, қолыңдағысымен жіберіп ұрарай. – Жұмысыңды істепіп алып, орға итере салайын деп тұрсың ғой.

– Сөзді тоқтат! Тағы қайда көмдің шөпті? Көрсет! – деді Барысбек оны желкесінен нұқып.

Ол құрғақ топырақ астына жасырған қазынасының бірнешеуін тауып берді. Қолына түскен киімге, пакетке сала беріпті.

– Енді мына жерді қаз, – деді бұрын қазылғаны байқалып жатқан тұсты нұсқап. Шаттық кібірткіптеп, кісендеулі қолындағы күрекке сүйеніп сілейіп тұрып қалды. – Не қып тұрсың, қаз қане!

– Бұл арада шөп жоқ, – деді ол бәсең сөйлеп. – Шөп басқа жерде.

– Сонда да қаз!

– Жоқ, қазбаймын! – деді Шаттық қолындағы күректі тастай салып.

Шайзат ақбас Қайырбекке иек қақты. Ол күректі қолына алып, қазуға кірісе бергенде Шаттық:

– Қазба деймін саған! Болмайды қазуға! – деп, кенет жанұшыра айқайлап жіберді. – Ол арада Түктібай жатыр! Түктібай!

Жасырылған мәйіт

Қайырбек оның айқайына қарамай, бұрқылдатып қаза берді. Топырақ астынан қарақөк алашаның шеті көрінді. Орауын жаза бастағанда өлексенің күлімсі иісі мұңқ ете қалсын. Анықтап қараса, адамның иістеніп, бұзылған бас сүйегі. Алақаны мен табанын қоса орапты. Аяқты тобықтан ажыратқан, қолды білезіктен бөлген. Куз болғандар бір сәт антарылып, тым-тырыс тұрып қалыпты.

– Кім өлтірді мұны? – деді Барысбек үнсіздікті бұзып.

– Бәрі өзінен. Конопляның жапырағын қуырып жейді де құтырады. Маған тиіседі сосын... қолымды бұрап, пышақ тақайды... өлтірем дейді. Сосын... мен де жедім сюзмадан. Мылтықты оқтағанды білем. Есімді жисам, жайрап жатыр, – деді Шаттық ақтала сөйлеп.

– Қалған денесі қайда?

Шаттықтың екі көзі қып-қызыл боп қанталап шыға келді. Шықшыты ойнап, тісін қарш-қарш қайрады. Айнала жауап күткен жандарға ішіп-жеп қарайды.

– Жеп қойдым! – деді сосын ысылдай сөйлеп. – Қуырдақ қып қуырып жедім! Тағы не айтайын? А-а! Тағы не керек сендерге?

– Бұл Түктібай емес, Түктібай Қызылордада, – деді Бектібай әлде де міз бақпай.

– Сен құтылып кетем деп ойлама! Төрт ай аш жүрдің сенің кесіріңнен. Ініңтің етін жегіздің маған. Омыртқасы жатыр анда.

– Тап әкеңнің аузы... Жауыз! Қалай жедің ағанды? – деп ақбас Қайырбек оған кіжіне қарады.

– Боқтама! Сен де жегенсің! Қуырдақ есінде ме? Өткенде мен қуырып берген. Әскер де жеді. Әй, айтсай сен, Әскер! Тұзы ашылау болып еді ғой.

– Шімірікпей қалай жедің адамның етін? – деп қалды сол арада біреу.

– Менің орнымда болсаң, сен де жейсің! – деп Шаттық әлгіге тісін қайрап, өшіге қарады. – Үш ай ет таппасаң, көрер ем жемегеніңді!

Осы кезде арнаны жағалап, шоқытып жеген салт атты көрінді. Жұрт ошырыла соған қарасты. Тамыз айы түгесілмесе де, үстінде жұқа шапан, басына делденген қалың кара қалпақ. Жұықтаған соң аттан түсіп, бері беттеді. Сақшы сержанттар оның жолын бөгеп жатыр. Анау жөннің айтқан болу керек, сержанттың біреуі бері жүгірді.

– Жылқы іздеген Қызылтамның адамы екен. Жоғын тауыпты. Қамыстың арасына матап тастаған дейді. Полицияның машинасын көріп бұрылдым дейді, – деп баяндады ол.

Барысбектің ойына осының алдында ғана қармақшылық әріптесі, қылмысты іздестіру бөлімшесінің бастығы Марат Есіловтің жылқы ұрлығына байланысты телефонмен айтқан хабары сап ете қалды. «Қызылтамнан шыққан жылқының ізі Далдабай жағына барғанда жоғалып кеткен» деп еді ол сонда. «Мынау сол болып жүрмесін?» деп ойлады. Жоқ қараған адамға жақын барып:

– Тапқан жылқыңызды бері алып келіңіз, – деп тапсырды. «Мыналардың сыбайласы емес пе екен?» деген қауіпті де ойлап қойды. Ол ұзай бере соңына аңду салғаны содан. Сонан өз-өзіне келе алмай тұрған Шаттыққа қайта төнді.

– Сенің тағы бір қылмысың ашылды. Жылқы ұрлапсың ғой!

Шаттық салт атты кеткен жаққа жалтақ-жалтақ қарап:

– Жылқыда шатағым жоқ, – деді мінгірлеп.

– Шатағың бар ма, жоқ па, қазір көреміз.

Өкініш

Бұжыр бет, шалғы мұрт жігіт ағасы сәлден соң бірі қаракер, екіншісі бозқасқа – қос атты жетегіне алып, салып ұрып жетті. Қаракер ат ерттеулі. Бөктеріншекке кенеп қап таңған.

– Мынау менің атым! – Бұжыр бет қаракерді нұсқады. – Үш күн болды, қантарып қойған жерден алып кетіпті. Ер менікі, ал мынау қапты... білмедім.

Қапты ақтарғанда ішінен бірер киім, су толы бес литрлік бөтелке, ыдыс-аяқ, бір дорба нан шықты. Оның астында қураған қарасораны нығыздап салып тастаған.

– Шөпті неге көмген десем, дайындалған екен ғой, – деді Шайзат басын шайқап.

Барысбек қаптан шыққан киімдерді аударыстырып қарады да, ақбас Қайырбектің алдына тастады.

– Кімдікі мынау? Тек шыныңды айт.

– Әй, мынау сенікі ғой, – деді ол Шаттыққа қарап.

– Қос атпен қайда кетпек болдың? Айт қане? – деді Барысбек шүйлігіп.

Ол бірауық сазарып үнсіз тұрып қалды да:

– Айтпасам да болатын еді, бірақ ішіме сыймай барады, – деді дауысы қалтырап. Көз жанарына жас толып шыға келіпті. – Мынау Бектібай мені жетім деп пайдаланып жүр. Издейтін ешкімі жоқ деп. Иә, мен жетіммін. Өке-шешем үш жасымда өліп қалған. Бұл өмірден еш жақсылық көрмедім. Мыналар үй алатын ақша берем деген. Соған сеніп келдім. Сөйтсем, бұлардың пиғылы басқа екен, – деп бөгелді.

Танауын тартып, көзін саусағымен сипап өтті.

– Түктібай айтты... бір рет сюзма жегенде, «егінді жинап алған соң сенің көзіңді құрттамыз» деп. Сосын... мен... одан да өзім ертерек жоқ болайын дедім. Тамды жаққа өтіп кетем бе деп...

Кемсендеп жылап жіберді. Көз жасы тарам-тарам болып төгілді.

– Кешіктім! Бітті! Бітті бәрі! Маған енді өмір жоқ, – деп полиция офицерлеріне жасты көзін жағалатып, тізерлей кетті. – Мені сотқа жібермендерші, ағалар! Мен алданып қалдым! Оңбай алдандым!

Барысбек кісендеулі қолын алға созып, жалбарына бастаған Шаттықты қолтығынан демеп тұрғызды.

– Тый жасыңды! Еркек емессің ба? – Жетелеп апарып, терезесі темір торлы «УАЗ»-дың есігін ашты. – Өмірді қайтадан бастау ешқашан кеш емес. Қолыңмен істегеніңді мойныңмен көтеруің керек! Кәне, отыр мұнда!

Шаттық танауы құсырылып Барысбекке бір қарады да, темір қорпаққа сүңгіп кетті. Машина орнынан қозғалғанда, өзі төрт ай мекен еткен үңгірдің лаулап жанып жатқанын көрді.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

(Қылмыскерлердің аты-жөні өзгертілді).

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали

8 707 851 91 13.

Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев

8 701 357 66 84.

Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова

8 705 398 62 83.

Маңғыстау облысы Жазира Әбіл

8 702 514 54 44.

Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан

8 701 697 39 86.

Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов

8 707 721 19 59.

Шадияр Мекенбайұлы

87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек

Рахманов

8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмухамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №25 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31